



Ақмешіт

30 сәуір
сейсенбі
№34 (2044)
2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ!

БАҚЫТ ПЕН БЕРЕКЕНІҢ АЛТЫН КІЛТІ

Алтай мен Атырау арасындағы алып атырапта бір шаңырақ астында өмір сүріп, тәуелсіз елімізді достық мекені атандырып отырған бірден-бір фактор – бірлік. Расымен, осы бірлік болмаса, тірліктің де түзу, жөнді болары қайдан?! Қазақ ағамыз әу бастан ырыс пен ынтымақты, береке мен бірлікті негізге алған. «Бірлігі мықты ел озады», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп парасаты мен пайымын танытқан емес пе?!



Күні кеше ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық кеңесінде де еліміздегі әрбір толайым тірліктің артында ауыр жүкті жұмыла көтерген ауызбіршілігіміз тұрғанын нықтап айтты. Сарыарқаның сайын даласындағы Еуразияның жүрегі атанған Астанадағы алкалы жиында Әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы «Бірлігіміз – әралуандықта», «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидаттарын берік ұстану негіздеріне тоқталды. Туған қаламызда мұндай маңыздағы атқарылған ауқымды жұмыс бар. Облыс орталығындағы «Анаға тағзым» орталығы, «Халық достығы» аллеясы, «Достық үйі» – мұның барлығы Мемлекет басшысы айтқан бағыттағы еңбектің айқын нәтижесі.

Осы кеңесте Сыр өңіріндегі Аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы үздік деп танылып, өзге өңірлерге тәжірибе ретінде таратылғаны кеудеге мақтанш ұялатады. Біз Сыр елі, қай істе де көш басында болып, белсенділігімізді байқатып келеміз. Майқы бидің «Бірлік түбі – береке» дегені де, Малайсары мен Сырымның ел бірлігі хақындағы мысалдары да біздің әрбіріміздің

әрекетімізден көрініс тауып жатса, бұл – әрине, қуаныш.

Өңірде отбасындағы әкелердің ролін арттыру, ұрпақ тәрбиелеу мен ел бірлігіне ақсақалдар қауымын тарту бағытында облыстық ассамблея жанынан Ақсақалдар кеңесі құрылған болатын. Мұнан бөлек, этнос жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Өз еліңді таны!» атты керемет жоба да Сырдан бастау алды. Басқа аймақтарда қызығушылық тудырып жатқаны жасырын емес.

Қазақ елі ұлт пен ұлысқа, тіл мен дінге бөлінбейтін татулықтың бесігі екенін қай сәтте де көрсетіп келеді. Әрине, айта берсек, мұндай мысалдар жетіп артылады. Бақыт пен берекенің алтын кілті бірлік екенін ұғынған елміз.

Көңілі қазақтың даласындай кең, жаны жомарт, жүрегі мейірім мен махаббатқа тұнған Сыр халқы, Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Бірлігіміз бекем болсын!
Дәулет ҚЫРДАН



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Сонғы жылдары ел энергетика саласында елеулі сын-кәтерге тап болды. Бұл энергиямен жабдықтау жұмысына кедергі келтіріп, тариф бағасының өсуіне әкелген болатын. Осы орайда Қазақстандағы энергетикалық дағдарыс себебі, олықтық шешу мүмкіндігі туралы ой қорытайық.

Энергетика секторын жаңғыртудың стратегиялық жоспары мен орнықты дамуының арқасында Қазақстан өңірдегі жаңартылатын энергия саласындағы көш-басшылардың біріне айналды. Инновациялық технологияларды қабылдау және экологиялық жобаларды іске қосу елге энергетикалық инфрақұрылымды жақсартуға, энергетикалық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ парниктік газ шығарындысын азайтып, қоршаған ортаға теріс әсерді тежеуде еңбегі ерек. Бұл тұрақты әрі экологиялық таза энергетикалық жүйені құруға ықпал етті. Оның үстіне мемлекетте күн және жел энергиясын пайдалану үшін қолайлы табиғи жағдай бар. Бұл энергетикалық аренада әлеуетті «ойыншыға» айналуға мүмкіндік бермек.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ШЫРЫЛДАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫН САҚТАП ҚАЛУҒА ҰМТЫЛДЫҚ СЫРБОЙЫЛЫҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЖАЙЫҚТА ЖҮР

Алаш баласын алаңдатқан тасқын су мәселесі әлі де мінберден түскен жоқ. Айтып келмейтін апат салдарынан эвакуацияланған халықтың ішінде 38 мың 521 адам отбасына оралды. Әлі де қауіптің сейілуін күтіп отырған 7 мыңға жуық адам бар. Жұдырық болып жұмылған сала мамандарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде су тасқыны басталғалы бері 12,9 миллион текше метрден астам еріген су айдалса, 7 миллион қапшық пен 1,5 миллион тонна инертті материал төселді. Ал дәл қазіргі жағдайда қауіптің алдын алу жұмыстары Жайықтың жағасында жалғасуда. Атырауға аттанған төтенше жағдай қызметкерлерінің қатарында біздің де жерлестеріміз бар.



Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға барлығы 20 мыңнан астам адам және 2772 бірлік техника, 335 су айдау құралы және 249 жүзу құралы, 7 әуе кемесі жұмылдырылды. Иә, «тас

түскен жеріне ауыр» десек те дана қазақ «бір женнен бас, бір жағадан қол шығарудың» да басты орында екенін білдірген.

2-БЕТТЕ

Сонғы жылдары жасөспірімдер тәрбиесіне қатысты жиі сын айтылып жүр. Оның ішінде мектеп оқушыларының вейп шегуі өзекті мәселеге айналды. Ұлы да, қызы да емін-еркін қолданды. Бұл жайлы ата-аналар да, мұғалімдер де дабыл қақты. Сондай-ақ электронды темекінің денсаулыққа аса зиян, өмірге қауіпті екені барлық мінберден, соның ішінде Сенат және Мәжіліс депутаттары да үнемі айтып келеді.

ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ: СӘНГЕ АЙНАЛҒАН ВЕЙПКЕ ТЫЙЫМ БАР

Қоғам болып көтерген мәселеге ел Президенті нүкте қойды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Заң медицина қызметкерлерін құқықтық және қаржылық тұрғыдан қорғау жүйесін енгізуге және олардың жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ жастар

арасында құрамында никотині бар заттардың таралуының алдын алу және оған қарсы күресу үшін жүйелі шаралар қабылдауға бағытталған. Заңда шегуге келмейтін темекі өнімдерін, вейптерді, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға, таратуға, сондай-ақ оларды жарнамалауға тыйым салу қарастырылған.

2-БЕТТЕ



ШЫРЫЛДАҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫН САҚТАП ҚАЛУҒА ҰМТЫЛДЫҚ сырбойылық құтқарушылар Жайықта жүр

Осы күні Атырау облысында Жайық өзенінің су деңгейі жігі бақыланды. Бұл жұмыста мамандар дронның көмегіне жүгінді отыр. Жағалауды нықтап, дамбыны көтеруде. Бір күн бұрын Атырау, Индер, Махамбет, Исатай және Құрманғазы аудандарында 500 шақырымнан астам бөгет салына, Құлсарыға жылжымалы сорғы станциялары мен мотопомпалардың көмегімен су басқан аумақтардан 207 мың текше метрден астам су айдалды. Еліміз бойынша барлық құтқарушылар жұдырық болып жұмылып, білек сыбана іске кірісуде.

– Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінен су басқан өңірлердің қауіпті учаскелерінде қажетті көмек көрсетуге жеке құрам мен техника жөнелтілген еді. Қазіргі таңда Сыр құтқарушылары апат аймағында тер төгуде. Тұрғындарды оқшаулап, су қоймаларының көтерілуін бәсеңдетуде. Жерімізді су жайлап, халыққа қауіп төніп тұрған кезде басшылық құрам да құтқару жұмыстарына жауапты болып аттанды. Топты бастап жүрген Бауыржан Оспанов, Жасулан Қалмаханов, Азамат Жәнібеков, Самат Нұрғалиев, Самат Күзембаев, Нұрхан Мелеуов, Қанат Бейсенбаев есімді азаматтар елмен бірге қауіпсіздік шараларына атсалысуда. Төтеншеліктер Жайық өзенінің жағалауын нығайтып, Каспийге құятын бөлікті тереңдету жұмыстарын жүргізіп жатыр. Шаған мен Жайық өзендері тоғасын жердің жаңағын су шайып, кемелінен асып барады. Сәт сайын көтерілген судың деңгейіне төтеп беріп, қызылордалық құтқарушылар жағалауды бойлай, бөгет тұрғызуда. Судың екіні тіпті техниканы қайықтай қалқытып жатқан сәтте халықтың қауіпсіздігі үшін күресіп жатыр, – дейді Қызылорда облысының ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің баспасөз хатшысы Марина Сағидатбек.

Осы күні Сырдың сырбаз жігітерінің бір бөлігі Атырау облысының Индер ауданында жүр. Соның бірі – құтқарушы Олжас Орынбай. Он жылдан бері осы салада тер төгіп жүрген ол азаматтық қорғаныс саласына өзінің ұстанымымен келген.

– Сын сағатта қарап отыруға болмайды. Көз алдымызда түрлі жағдайлар болып жатыр. Бірінші жалғыз баспанасы суға кетсе, енді бірінші мал-мүлкі ағып барады. Шырылдаған халықтың жанын сақтап қалуға ұмтылдық. Бізде одан басқа ой болмады. Өйткені біздің мемлекетіміздің басты байлығы – адам капиталы. Біздің азаматтық парызымыз да, жұмысымыз да сол. Кей жерлерде малын да құтқарып жатырмыз. Қандай мүмкіндік бар, соны жасаймыз, – дейді Олжас Орынбай.

Олжас тәртізді су тасқынымен арпалыста енебек етіп жүрген құтқарушылардың бірі – Айбек Токбосын. Ол да азаматтық қорғаныстағы алғашқы енебек жолын он жыл бұрын бастады. Табиғаттың мынадай тосын мінез танытқанын көрмейсің. Өйтсе де, қазір Ақ Жайықтың жағасында қауіпке қарсы тынымсыз тер төгуде.

Дәулет ҚЫРДАН

«Ер ел үшін туады» дейді дана халқымыз. Бүгінгі қауіп тұтас қазақтың басына түскен қатер. Сондықтан «Бірліксіз тірілік болмас» деп, жұмыла жүк көтеріп, қауіпті сәйілтуге атсалысып жүрген азаматтар аман болғай!

Басы 1-бетте

ЗАҢ ҚАБЫЛДАНЫ: СӨНГЕ АЙНАЛҒАН ВЕЙПКЕ ТЫЙЫМ БАР

ПРЕЗИДЕНТ ЕСКЕРТТІ

Былтыр Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев вейп және түрлі электронды темекілерді ұлт саулығына қауіп төндіретін кесел деп атап өтті. Мемлекет басшысының пікірінше, жас ұрпаққа салмақты қауіп төнді, өйткені аса зиян вейптерден тағы есірткілерді тұтынуға дейін бір-ақ қадам қалады.

– Ұлт саулығына зиянын тигізетін нағыз бір кесел – вейп және түрлі электронды темекілер. Өкінішке қарай, оны тарту жасөспірімдер арасында сөнге айналып барады. Себебі электронды темекі бәріне қолжетімді, оның зияны туралы түрлі агрессивті жарнамалар көбейіп кетті. Іс жүзінде жастарымызға зор қауіп төнуде. Себебі бұл шын мәнінде, зиянды нәрсе. Вейп пен есірткінің арасы бір-ақ қадам. Осы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдау қажет, – деген Президент бұған өзі ерекше мән беретінін ескерткен еді. Нәтижесінде биыл заңға қол қойылды.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА АЛАҢДАҒАҢДАР

Мемлекет басшысы қабылдаған заңға көп адам ұсыныстарын айтып, атсалысты. Соның ішінде Парламент мәжілісінің депутаты Ринат Зайытовтың айтуынша, халыққа салық түсімінен бұрын жас ұрпақтың денсаулығы маңызды.

– Ең алдымен ертеңгі ел жастарының денсаулығын ойлауымыз керек. Салық түсімін ойлап, жасөспірімдердің денсаулығына зиян заттарды саудалай беруге болмайды. Өскелең ұрпақтың ағзасына кесірін тигізетін улы заттарды таратуға құқығымыз жоқ. Баянды болашақ үшін таңдау жасайық. Электронды темекі мен вейптен бас тарту – ертеңгі күнге жауапкершілікпен қарау деген сөз, – дейді Р.Зайытов.

Ал Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан электронды шылымды, вейптерді жастарға сатуға, жасөспірімдер арасында таратуға қатысты қатаң заңнамалық шектеудің болмауы ұрпақ тағдырына балта шауып жатқанын атап өткен еді.

– Елімізде 7 мыңнан астам педагог-психолог, сонымен қатар 4 мыңнан астам әлеуметтік педагог және тәрбие саласындағы 11 мыңнан астам педагог оқушылар арасындағы зиянды әдеттермен күресіп келеді. Сондықтан көтеріп отырған мәселенің қаншалықты маңызды екені айтыпаса да белгілі. Тіпті мінез-құлқы өзгерген, жат әдетке бой алдырған балалармен жұмыс істеу бойынша әдістеме де әзірленді. Қосымша білімді дамытуға да көп күш салып жатырмыз. Алайда зиянды заттарды оқушыларға саудалауға заң жүзінде шектеу қойылмаса, бұл жұмыстан нәтиже шықпайды, – деген еді Е.Оспан. Осы секілді қоғам қайраткерлері жиналып, өз ұсыныстарын ортаға салып, мәселені көтергендер көп болды. Айтылған ұсыныстар Президент тарапынан ескеріліп қалмады.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕПІЛІ

Бұл – Сенат депутаты Руслан Рүстемовтің пікірі.

– Заңдағы негізгі мақсаттың бірі – электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), олар үшін хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымын толық тыйым салуды енгізу. Бұл олардың, әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында тұтынуды шектейді және болдырмауға мүмкіндік береді.

Өздеріміз білетіндей, дені сау жастар – бұл дені сау ұрпақ және мемлекеттің қанды өркендеуінің кепілі. Алайда қазіргі уақытта вейп сияқты қауіпті құбылыспен күресу үшін шұғыл және жүйелі шаралар қабылдау қажет. Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – вейптерді үнемі қолданатын жасөспірімдер саны жыл сайын артып келеді. Сондай-ақ вейп нарығы 2020 жылдан бастап 300 есе өскен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2022 жылғы «Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы мен ал-ауқатын қалыптастыратын факторлар» зерттеуінің нәтижелері 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 9,8%-ы вейптерді үнемі тұтынатынын, 2018 жылмен салыстырғанда 3 есе өскенін көрсетеді. Сондықтан бұған назар аудармаққа болмайды. Өйткені мұның астарында жасөспірімдер мен жастардың болашағы жатыр, – дейді Р.Рүстемов.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Вейп – бауыр мен бүйрекке, жүйке жүйесіне зиян тигізеді. Сонымен қатар оның құрамындағы никотин қатерлі ісік ауруына әкеліп соқтырады. Жастар арасында вейп шегетіндердің саны күн сайын артып келеді. Әсіресе оқушылар миини-калияндарға қатты қызығады. Өйткені вейп темекі секілді емес, одан хош иіс шығады. Никотин де қосуға болады. Бірақ сол хош иістің өзі өте қауіпті. Осыған байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өз ұсынысын жариялаған. Вейпте отыздан астам қауіпті зат бар. Бұл құрылғы ингалятор секілді. Ішіндегі сұйықтық қайнағанда бу шығады. Сұйықтықтың құрамында бірнеше зат бар. Сол заттың әрқайсысы денсаулыққа кері әсерін береді. Вейптер «электронды темекінің зияны жоқ» деп ойлайды. Себебі оны шектенді шайыр бөлінебейді. Дегенмен Беркли университетіне қарасты Лоурен атындағы ұлттық зертхана мамандары вейптен уытты заттардың бөлінетінін анықтаған. Хош иісті сұйықтықты көп жағдайда қолдан жасайды. Содан бағасы да арзан. Ал аккумулятор қызып тұрғанда қаңшерогенді заттардың мөлшері көбейеді. Аккумулятор жарылып кетуі де мүмкін.

Ғалымдардың зерттеуіне сәйкес уытты химикаттардың бірі – диацил. Ол хош иістендіргіштердің 75 пайызында болады. Оны тамақ енебасы де пайдаланып жатады. Бірақ деммен ішке көп тарта берсе, өкпеде қанбау басталады. Құрамында никотині бар буды көп жұта берсе, адамның жүрегі айниды, басы айналады. Ас қорыту жүйесі бұзылып, іші өтеді. Сонымен қатар

Басы 1-бетте

бір вейпті бірнеше адам қолданған жағдайда гепатит, туберкулез сияқты аурулар таралуы мүмкін. Жүкті әйелдерге, аллергиямен ауыратындарға және көмелет жасқа толмаған балаларға вейп шегуге болмайды.

Мұны резидент-пульмонолог Жарқын Нұршыев те айтып отыр. – Электронды шылым ең алдымен ауыз қуысына әсер етеді. Соның кесірінен патогенді флора, түрлі саңырауқұлақтар өсіп шығады. Бұдан сон бу адам ағзасындағы тыныс алу жолдарын зақымдайды. Шырышты қабыттар қабынып, жедел респираторлы аурулар пайда болады. Өрине, ауру белгілері бірден байқала қоймайды. Белгілі мерзім өткеннен кейін көктем, күз маусымдарында шылымға әуес адамдарда бронхит асқинады. Оған шылымның құрамындағы түрлі химиялық заттың әсерінен бронх демікпесі, аллергия сынды түрлі ауру қосылады. Себебі никотин мөлшері аз болғанымен, оның орнын хош иістендіргіштер, майлар толтырып тұрғанын ескеру қажет, – дейді ол.

ЖАСТАР ЕЛІКТЕГІШ КЕЛЕДІ

Балалар ересек адам ретінде көрінгісі келеді. Оларға неғұрлым «шекпе, жолама» деген сайын, соғұрлым қызығушылығы арта түседі. Алайда бұған қарап, шылым шеккен барлық бала ғұмыр бойы соның соңында кетеді деуге тағы болмайды. Ес кірген кезде еліктеу де сап тыйылады. Десе де «баланы жастан» деп, жаман әдеттің алдын алған дұрыс.

Жасөспірімдер психологы Арайлым Айтбай электронды шылым қазіргі заманның сөні екенін айтады.

– Жастар еліктеуге бейім келеді. Өзін «дәлелдеуге», «ерекшеленуге» асығатын жасөспірім осындай ең жеңіл жолды таңдап, іштей бір жетістікке жетеді. Сән, тренд деген бар. Ол – түрлі жарнамалар арқылы бейсаналы түрде жүріп жататын процестер. Оның артында үлкен бизнес жатыр. Өкінішке қарай, жастар мұны түсінбейді. Тіпті вейптің қаншалықты зиян екенін білсе де, мән бермегендей сынай танытады, – дейді психолог маман. Оның айтуынша, ата-ана баласымен жай ғана әңгімелесу арқылы шылымның барлық зиянды жақтарын түсіндіруге қажет. Өзін үлгі етіп, баламен сенімділік қарым-қатынас орнатқаны жөн.

БАЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА АЛАҢДАҒАН АТА-АНА

Психолог айтқандай, ата-ана мен бала арасында ашық әңгіме болуы тиіс. Мұны қала тұрғыны, көпбалалы ана Толқын Нұрланова да жоққа шығармады.

– Жасыратыны жоқ, соңғы уақытта жастар арасында вейп шегу сөнге айналғандай болды. Ұстаздар мен ата-аналар қанша қадағаласа да тұсау сала алмады. Себебі мұны тұтынып үйреніп қалған жас ағза әрдайым керек етіп тұрады. Ал дүкендерде мұндай дүниелердің сатылуына тыйым болмады. «Емін-еркін сауда жүрді» десек артық айтқандық емес. Арасында балаларымызбен осы зиянды зат туралы ашық сөйлесетін болдық. Тіпті сөмке, қалталарын тексеретін болдым. Өйткені бала болашағына алаңдаймыз.

Осыған орай Мемлекет басшысы электронды темекі, вейп, хош иістендіргіш өнімдерді сатуға, жарнамалауға тыйым салып, заңға қол қойды. Бұл заң жастар денсаулығы үшін қабылданған ең маңызды шешім болды. Себебі 18-ге толмаған балалар арасында «сөнге» алынған бұл дүние аурушаңдық, жүйке жүйесінің нашарлауы, оқуға деген ынтаны төмендету тәрізді жағдайларға әкеледі. Онысыз да смартфонға үйленген бала вейп шегіп, жас ағзасын ұлайды. Ата-ана ретінде бұл заңды толық қолдаймын, – дейді кейіпкеріміз.

ВЕЙПКЕ ТЫЙЫМ САЛУҒА ҚАРСЫЛАР ДА ТАБЫЛДЫ

Қоғам болып зиянды затпен күресіп жатқанда оған қарсы адамдар да бар болуы тиіс. Кімдер? Өрине, олар – вейп, электронды шылым, хош иістендіргіштер сатып, кәсіп қылғандар.

Өкініштісі, оның осы туралы онлайн саудалаушылар көп. Дүкенде ашық сатылып жатқан соң онлайн сауданың өрісі тіпті кеңейді. Қызылді-жасылды жарнамасы көзді арбайды. Мәселен, «Instagram» әлеуметтік желісінде вейп сатумен айналысатындардың көптеп кездесетініне көзіміз жетті. Онлайн сауда Қазақстанның кез келген қаласына жеткізе алады. Осындай саудасы қызып тұрған сауда орнының бірі – «Вейпшо». Алматыда орналасқан сауда нүктесінде электронды шылымның, вейптің түр-түрі бар. Құны 6000-10000 теңге аралығында.

Аты-жөнін толық айтудан бас тартқан сатушысымен де ұялы байланыс арқылы сөйлескенді жөн көрдік.

– Президенттің заңға қол қойғанын білеміз. Бірақ біз қарсымыз. Себебі заң күшіне енсе, елімізде вейп саудасымен айналысатын кәсіп иелерінің жұмысы тоқтайды. Біраз адам жұмысыз қалады деген сөз. Сондықтан заңда бізге де зияны келмейтіндей етіп қарастырылса деген ұсынысым бар, – дейді дүкен сатушысы. Осы сөзінше, жастар денсаулығынан гөрі вейп саудасы, одан түскен табысы маңызды болып тұр.

Осы дүкеннің «Instagram» әлеуметтік парақшасын қарап шықтық. Тіпті заңға қарсылықтарын айтып, арнайы бейне түсіріпті. Ал бейне астына қаншама адам пікірлерін қалдырыпты. Онда заңға қарсы екендіктерін, жалпы вейпті сатуға тыйым салынуы қажеттігін жазған.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Вейпті тұтынған жастар оның зиянын да жақсы біледі. Біле тұра ағат қалам жасайды. Өрине, елімізде ішімдіктен бас тартқан тұтас ауылдар туралы естіп жүрміз. Ауылдың аясында қалып қоймай, осы үрдісті ұлт, мемлекет болып қоспап едететін кез де келді, заңға да қол қойылды. Алкогольсіз ауыл секілді вейпсіз ел қатарына қосыламыз ба, жоқ па, оны заң күшіне енгеннен кейінгі уақыт көрсетеді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

БАСПАНАҒА МҰҚТАЖДЫҚ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Сыр өңірінің бас қаласы Қызылорда қурылыс қарқыны бойынша көш бастап тұр. Заманауи өркеніетпен бой көтерген зәулім үйлер қала халқының сәулетті тұрмысын паш еткендей.

Саннан бөлек сапаға маңыз берген құрылысшылардың қолтаңбасымен ерекшеленген әсем үйлерге қоныстанған қызылордалықтардың да қуанышында шек жоқ.

Халықтың аз қамтылған тобына баспана беру, қамқорлық көрсету – еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарының негізгі басымдығы екені белгілі.

Өткен жылы аймақта 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынған. Нәтижесінде 2 400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапқан. Биыл бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үй құрылысы жүргізілмек. Алдағы уақытта бұл көлем тағы да ұлғаяды. Жыл басынан бері Тасбөгет кентінде 172 отбасы баспаналы болса, наурыз мерекесі қарсаңында Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 80 отбасыға үй берілді. Жуырда ғана 150 отбасыға Жаппасбай батыр көшесінен пәтер кілті табысталды. Мұнан бөлек, алдағы уақытта «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несиелер бағдарламасымен тағы да 60 шақты жас отбасы баспанамен қамтылмақ.

– Бүгін өзіміздің құтты қонысымызға келіп, риза болып отырмыз. Үй өте сапалы салынған. Баспалдақтары үлкен кісілерге лайықталып жасалыпты. Қабырғалары қалың. Подъездің

ішіне жарық орнатылған. Есіктің алдына балалар алаңы салынған. Балаларымыз емін-еркін ойнап жүр. Енді үйді күтіп ұстап, тазалық сақтау тұрғындардың өзіне байланысты. Қызылордалықтар қазір қоныстойын көп тойлап жатқанын естіп қуанып жатырмыз. Қалада әсем ғимараттар, 7 қабатты тұрғын үй, әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Үлкендер жағы осы өзгерістерге қуанып жатырмыз. Құрыш қолды құрылысшыларға мың алғыс, – дейді жаңа пәтерге ие болған көпбалалы ана Феруза Әбжанова.


– Жолдасым өмірден өткеннен бері үй кезегінде тұрғанмын. 17 жыл деңде баспанаға қол жеткізіп отырмын. «Үйіңіздің кілтін алып кетіңіз» деген кезде қобалждымын, сенбедім. Кілтті қолыма алған кезде ғана мұның рас екеніне көзім жетті. 3 бөлмелі пәтер алдым. Тасбөгеттің дәл орталығында. Күн салқын кезде көшіп келдік. Бірақ өте жылы, сапалы салынған. Көршілеріміз де сенімдерінің ақталып, жақсы баспанаға қол жеткізгеніне дән риза. Балаларымыз аулада асыр салып ойнап жүр. Бұдан асқан қуаныш бар ма? Алғысымыз шексіз, – дейді Роза Әбілдаева.

– Анам – мүгедек, әкем жоқ. Тек анамыздың зейнетақысымен күн кешіп отырмыз. Баспанаға зәру едік. Жақсы пәтерге қол жеткізіп, қуанышымызда шек жоқ. Өз үйің болғаны қандай жақсы. Анам да риза. Кезекке 2010 жылы тұрған едік. 14 жыл деңде құтты мекенімізбен қауыштық. Ел ағаларының қамқорлығына рахмет! Облыс, қала әкімдеріне алғыс айтамын, – дейді 16 жастағы Бақдәулет Әбілдаев.

«Ел игілігіне қызмет ететін нысандардың құрылыс сапасына асқан жауапкершілікпен қара керек. Сала басшылары өзіне қатысты ер жобаның уақытылы, әрі сапалы жүзеге асыруын бақылауда ұстауы қажет. Басталған құрылыс жұмыстарын тиянақты орындап, мерзімінде пайдалануға беруді тапсырамын», – деген болатын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жуырда өткен жылы.

Бүгінде құрылысшылар өз жұмыстарын сапалы, тиянақты, мерзімінде орындап, ел алғысына бөленіп отыр.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА



МҰСТАФА ШОҚАЙ: ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Кеңестік жүйе Орталық Азия мен Қазақстандағы тұңғыш жаңа тұрпатты мемлекеттің үлгісіндей болған Түркістан мұхтарыятын қиратып, басшыларын тұтқынға алғаннан соң, басына 1000 сом тігілген Мұстафа Шоқай сонау Ташкенттен ұзақ жол жүріп, талай тағдырды бастан өткізіп, әділеттілік пен заңдылықтың, демократия мен ашықтықтың, бостандық пен еркіндіктің отаны Францияға жетіп, Парижде жиырма жылдан астам тұрды. Осында алдымен өзінің бұрынғы автономия туралы ой тұжырымын қайта қарап, оның күні өткенін ескертіп, күн тәртібіне Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрес мұратын қойды. Оны 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзінде былайша бейнеледі: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уазифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық».

Эмиграциядағы бар қабілет күшін, қаламының ұшын Мұстафа Шоқай осы мұратты жүзеге асыруға арнады. Азаттықтың жалынды туына айналған «Яш Түркістан» журналының 1929 жылғы желтоқсан айындағы тұңғыш санында басылған «Біздің жол» атты мақаласында: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп кесіп айтты. Ал «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты еңбегінде тәуелсіздіктің ешкімінен Қытай қорғаны сияқты оқшаулап қоймайтынын және ешкімнің құқығына қарсы қоймайтынын айта келе былай деді: «Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан таражынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады».

Мұстафа Шоқай өз шығармаларында тәуелсіздік үшін күрестің себептерін де атап көрсеткен болатын. 1930 жылы жарық көрген «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» деген мақаласында: «Олар (орыстар Э.Б.) тіпті сүйікті атамекеніміздің «Түркістан» екенін де теріске шығарып, «Орыстан» ету үшін адамгершіліктің өлшемдеріне сыймайтын ең бір шектен шыққан шараларға дейін барып отыр» деумен шектелмей, «Дүние жүзінде Түркістаннан басқа да көптеген елдер бар. Ол жерлерде де үстем ұлттың озбырлығынан жәбір шеккендер аз емес. Алайда дәл орыстың отаршылдық саясатындай сұмдықтарды тарих әлі көрген жоқ» деп алдыңғы ойды байыта түсті. Ал «Түркістан лениншілдеріне жауап» атты келесі мақаласында: «Түркістанда ұлттық қозғалысты тудырған екі түрлі себеп бар. Оның біріншісі – Түркістан халқы орыстардан мүлде басқа ұлт екендігі. Екіншісі – Түркістанның ұлттық экономикасының мүддесі Ресейге қарсы екендігі» деп тәуелсіздік үшін күрестің себептерін аша түсті.

Жоғарыда аталған «Біздің жол» атты мақаласында Мұстафа Шоқай тәуелсіздік үшін күрестің түпкі мұратын да айқындаған болатын: «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық мәзміне – пролетарлық» деседі. ...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады». Ал 1931 жылы жазылған «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары» атты мақаласында Мұстафа Шоқай патшалық кезеңнен басталған азаттық үшін күрестің Кеңес үкіметінің тұсында жалғаса түскенін, оның орыс емес өлкелерде жүргізіліп отырған ұлттық саясаттан туындайтынын, мұндай саясаттан өлке халықтарының қарсы көтерілісуен басқа амалының жоқтығын тағы да ескерте келе: «Түркістан шет жұрттықтардың бұғауында қалысы келмейді. Түркістан түріктері ұлт ретінде құл болғысы келмейді. Олар өз халықтарының мүддесі үшін, тәуелсіз ұлттық мемлекетін құру үшін күресетін болады» деді.



Мұстафа Шоқай кеңестік баспасөздерге сүйене отырып, Орта Азияда Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан федерациясы құрылғанын, большевиктердің Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттік құрылымнан өлердей қорқатынын айта келіп, «Кеңестік Орта Азия федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты мақаласында: «Біздің мұратымыз – бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді» және «Келешектегі тәуелсіз Түркістан үкіметінің ең басты міндеті – байыпты да парасатты саясат жүргізе отырып, бүкіл түрік атаулыны бір қазанда қайнатып, ақырында, бір ұлы ұлттық мемлекет түзу болып табылады» деп негізгі мақсатқа, өзінің өмірлік арманына тағы да оралған болатын.

Тәуелсіздік үшін күреске халықтың мәдени және рухани қуаты болып саналатын ұлтшылдықтың қажеттігіне назар аударып, Мұстафа Шоқай: «Ол – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» деді. Оның мәнін былайша түсіндіріп: «Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізіне құрылған» десе, «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» атты мақаласында бұл ойлар былайша байытыла түсті: «Бұл күнде біздің бір ғана жолымыз бар. Ол – ұлтты құтқару жолы. Біздің мұратымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан. Ұлтшылдық біздің, соның ішінде менің де, саяси идеяларымыздың соңы емес, басы. Олай болса біздің барлық іс-қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек».

Мұстафа Шоқай өз шығармаларында халқымызға қажетті «ұлтшылдықпен» бірге «ұлттық рух» ұғымына да ерекше мән берді. «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында большевиктер Түркістанда ұлтымыздың өзіне тән рухани өлемін суалтып, оның

орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ екенін атап көрсетіп: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деп жазған болатын.

Бұл ұғымдарды Мұстафа Шоқай халқымыздың ауызбірлігімен тұтастықта қарағанын да ескерте кеткеніміз жөн. «Кімнен таяқ жегендей, біздің Түріктің баласы. Алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы» деген Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазылған «Көтерілістен – ұйымшылдыққа» (Көтерілістен ұйымға) атты мақаласында Кеңес үкіметінің тепкісіндегі халықтар арасында толассыз күрес жүргізіп келе жатқан түрікстандықтар екені, оған себеп орыс большевиктерінің шектен тыс езуі

ірікті салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен... бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп жазды. Ал «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген мақаласында бәрінен бұрын түрікстандықтардың өз қатарының жұдырықтай ұлттық бірлігін күшейтуді, орыс империализміне қарсы күрес майданын ұйымдастыруды және олардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеу текшесіне, аламамайық дей келіп, былайша түйіндеді: «Бізді азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт азаттық жолында күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес». Сондықтан «Түркістандықтардың бақытсыздығы және онан құрылуын жолы» («Несчастье Туркестана и пути избавления от него») деген еңбегінде түрікстандықтардың Совет үкіметіне жеке дара күресі еш нәтиже бермейтінін, сол себепті Ресейге бағынышты, өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан орыс емес халықтардың күштерін біріктіре отырып, еркін, тәуелсіз ұлттық өмірге шыға алуы ескертті. Еділ Орал, Қырым, Әзірбайжанда тұратын бауырлармен тығыз байланыста болып қоймай, Ресейдегі басқа өз тәуелсіз мемлекетін құру үшін күресіп жатқан халықтардың барлығымен ұйымдық тұрғыдан тығыз байланыс орнатуды ұсынды. Бұл ойлар

Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы жылында, яғни 1941 жылғы 8 маусымда жазылған «Түркістан мәселесі хақында» («К постановке проблемы Туркестана») атты соңғы мақалаларының бірінде тағы да оралған еді. Автор Түркістанның басынан өткен тарихын, оның басқа аймақтарға қарағанда Түркістанның империялық Ресейдің қанауына көбірек ұшырағанын, сондықтан да күрестің советтік кезеңінде де жалғаса түскеніне тоқталып, алдағы міндеттерді айқындап, Түркістан және кеңестік Ресейдің барлық басқа орыс емес шеттері, аймақтары ортақ жауға қарсы күреске жұмылдырылатындай біркең күрес майданын құрылуы керек деді.

Мұстафа Шоқай Тәуелсіздік үшін күрестің амал-тәсілдерін жетілдіре түсудің себебін былайша түсіндірді: «Жауымыз күшті. Ол біздің барлық өмірлік мәні бар буындарымызды өз қолында ұстап отыр. ...Сол себепті біздер армандап отырған мақсатымызға жетудің бір ғана жолы бар десек, ол жол – тәуелсіздік жолындағы барлық күрескерлердің күш біріктіруі».

Міне, жеке-жеке аталған «ұлттық тәуелсіздік», «ұлттық мемлекет», «ұлттық бірлік», «ұлтшылдық» және «ұлттық рух» сияқты ұғымдар Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы саяси күресінің де, шығармашылығының да күресе тамыры, мәңгілік басты мұраты болып қалды. Бұл ұғымдар тұтас, бірінсіз бірі кедей, бірі жетім.

Шындыққа жүгінсек, «Тәуелсіздік» ұғымымен тікелей байланысты ұлттық рух шынайы ұлтшылдық үдерісінде қалыптасатынын, ал ұлтшылдық төлтума мәдениетке, ұлттық дәстүрге негізделіп, ұлттың өз қадір қасиетін, абыройын

арттырып, халқымыздың ішкі және сыртқы саясатында, сын сағатында ұлт мүддесіне қызмет етіп, ұлттық мемлекеттімізді нығайта түседі, ал ұлтсыздық ұлттың рухын жүдетіп, тұтастығын әлсіретеді.

Қазіргі еліміздегі 30-дан астам ұлттық мемлекеттік және кәсіптік мерекелер ішінде Тәуелсіздіктен қасиетті ұлық ұғым да, мәртебелі мереке де жоқ, болмайды да. Өйткені елімізге өз территориясында өкіметтік билікті, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес өзі белгілейтін, өзі жүргізетін саяси құқыққа ие болу осы Тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болды. Сол себепті бүгін осы бір «Тәуелсіздік» атты қасиетті ұғым бәріміздің жиі айтатын, ұлттық сезімімізді оята түсетуе тиісті қасиетті ұғымға айналды. Бұған дау жоқ. Сол себепті біздер ұлтшылдықпен, ұлттық рухпен, халықтың саяси санасымен, шынайы әлеуметтік еркіндікпен, қоғамдағы демократиялық үдеріспен, құқықтық сауаттылықпен т.б. толып жатқан ұғымдармен тікелей тағдырлас, бағытас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуелсіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін әлі тереңірек әрі кеңірек түсіне түсуіміз керек-ақ.

Кешегі тәуелсіздіктің отыз жылында 1990 жылы қазанның 25-і күні Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі қабылдаған «Қазақ ССР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда» атты тарихи құжатта: «Қазақ ССР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады. Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ ССР-і мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады» деген мәнді де маңызды қағидағы ескермедік. Бұған енді қайта оралғанымызға шүкір!

Қазіргі ұлттық бейнеміздегі қайшылықты өзгерістердің барлығы дерлік мемлекеттің ұлттық сипатына жеткілікті көңіл болмегенімізден бастау алады. Мұнысз ең бірінші мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілуіне, ол мемлекеттің толық қожасы бола алмайтынын, сондай-ақ елдегі басқа этнос өкілдерінің мәселелері де ойдағыдай нәтиже бере қоймайтынын күнделікті өмір көрсетті.

Осыдан 80 жыл бұрын Мұстафа Шоқай патшалық Ресей мен соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің халқымыздың ана тіліне деген қарым-қатынасы туралы былай деп еді: «Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын», ал «Орыс большевиктері социализмді желеу ете отырып, енді екі үш жыл ішінде біздің ана тіліміз – түрік тілін өзінің тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр». Бұлай шырылдау жайдан-жай емес еді. Өйткені ұлы тұлғаның түсінігінше: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл». Алаштың басқа алыптары да тәуелсіздікті ең бірінші халықтың ана тілімен байланыстырып, тілі тәуелді елді толыққанды тәуелсіз ел деп танымаған болатын. Халқымыздың өзгенден өзгеше туған тілімізді «ана тілі» деп атауында да терең мән бар. Оны ұлттық рухы әлсіз азамат түсіне бермейді.

Сөз соңында сан ғасыр ансап, қол жеткен тәуелсіздігіміз шын мәнісінде толыққанды болуы үшін оның өзіміздің тілімізден, ділімізден, яғни рухани дүниемізден бастау алатын ұлттық мәдениет пен рухтың, мемлекеттің саяси және экономикалық құрылымдарының еркіндігі үшін әрбір қазақстандық, ең бірінші осы жердің, елдің сан ғасыр иелері болып келе жатқан өзіміз батыл күресуіміз керек дегіміз келеді.

Әбдіжәлел БӘКІР,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, саяси ғылымдар докторы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Дегенмен маңызды басымдықты дамытуға кедергі келтіретін фактор да жетерлік. Мысалы, электр энергиясын жеткіліксіз өндіру, электр станцияларындағы тозығы жеткен жабдықтар, инвестиция аздығы тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге кедергі келтіреді.

Сонымен қатар Қазақстан электр энергиясын өндіруде көмір мен мұнайға қатты тәуелді. Бұл энергетикалық жүйені мүддіртпін, энергия тасымалдаушыларға бағаны көтеруге мүмкіндік беріп тұр. Оған қоса энергия өндірудің баламалы жолының дамымауы мәселені ушықтырады.

Жалпы энергетикалық дағдарысты шешудің негізгі жолдарының бірі – күн және жел энергиясын дамыту, энергетикаға инвестиция тарту, энергиямен жабдықтау көзін әртарапандыру. Яғни электр станцияларындағы ескірген жабдықтарды жанарту және энергия үнемдеудің озық технологиясын енгізу, саланы реформалау аса қажет. Бұл жалпы энергетиканың өнімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



Қазақстанның энергетикалық перспективаларында Қытай, Ресей, ЕО және АҚШ сияқты серіктес елдер маңызды рөл атқарады. Қытай қазақстандық мұнай мен газдың ірі тұтынушысы болса, Ресей Қазақстан арқылы энергия тасымалдаушылардың транзитін қамтамасыз етеді. Елдегі баламалы энергия көзін дамытуға белсенді инвестиция салуға құлықты елдер де осылар. Бұл елдер Қазақстанның энергетикалық стратегиясы мен дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Электр энергиясы мәселесін шешудің соңғы үміті – АЭС салу. Қазір энергетика саласындағы негізгі бағыттың біріне айналған атом электр станциясы қоғамда қызу талқылануда. Себебі Қазақстан парниктік газдар шығарындарын азайтуға ықпал ететін таза энергия көзі ретінде атом энергетикасын таңдаған. Сондықтан жаңа технологияларға негізделген атом электр станцияларын салу жоспарлануда. Бұл мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігі мен тұрақтылығының осун қамтамасыз етуге жол ашпақ.

Мақала авторы МӘТІНБЕК Сурет ашық дереккөзден

Қала іргесіндегі Белкөл кентінде көпбалалы аналар көптеп саналады. Солардың арасында Наташаның есімін белкөлдiктер құрметпен атайды. Оның сан қырлы себебі бар. Ұлты орыс келiншек қазақтың салт-дәстүрiн ардақтан ұстауды өзіне мұрат тұтқан. Тiптi қазақша ән де шырқап, би де билейдi. Өмiрлiк жарын қазақтан тапқан Наташа қазiр 41 жаста. Көпбалалы ана 9 перзент тәрбиелеп отыр. Ол балаларын өмiрiнiң бағы мен бақытына балайды. Басынан орамалын тастамайтын келiншектiң өз ұстанымдары бар.

Әулет отын өшiрмеген НАТАША

– Менiң әкем де, анам да орыс. Белкөлдiң байырғы тұрғынымыз. Мен өзiм жас кезiмнен қазақ тiлiне жақын болдым. Қазақтардың жайдары қалпы, салт-дәстүрi, өнерi ұнайды. Қазаққа келiн болғанымды мақтан тұтамын. Балаларымның бәрiн қазақ мектебiне бердiм. Өжелерi оларды қазақы тәлiм-тәрбиенен өсiрдi. Қайынеме ризамын. Өте жақсы кiсi едi. Адамды жатынуды бiлмей, бауырына тартатын. Тiптен ежелгi дәстүрге дейiн үйретiп, сәлем салуды, орамал тартуды, ер адамның алдын кеспедi, үлкенге құрмет көрсетудi енемнен үйрендiм. Қазiргi келiндер ененiң мектебiнен өтсе онегелi болатынын ескерткiм келедi. Жол апаты болып, жолдасымнан айырылдым. Алдыңғы туған 3 бала сол күйеуiмнен. Күйеуiмнiң жылы өткеннен кейiн енем «жолын ақ болсын» деп өз бағасын берiп жiберген болатын. Бiрақ өзiмнен 3 жас үлкен қайыным бар едi. Сол «бауырымның балаларын қаңғыртып жiбермейiмiн» деп қазақтың ата салты «менгерiлкен» менi алды. Бүгiнде екеуiмiзден 6 перзент дүниеге келдi. Ал өкiнiштiгi, екi қайынағам, енем, өзiмнiң жалғыз iнiм бiр күнде жол апатынан көз жұмды. Күйеуiм сегiз ағайынды едi. Бiз отбасында ата-анадан екi бала едiк.

«Бiр тұмақ барда, бiрге өлмек жоқ» дейдi гой қазаққа. Қалғанымыз аман болайық. Аллаға шүкiр, көпбалалы ана ретiнде потер алдық. Өзiмiзге тиесiлi жәрдемдi алып келемiз. Мақсатым Итеновтер әулетiнiң абыройын көтерiп, ұрпағын көбейту едi. Өзiм ата-анадан жалғыз болған соң көпбалалы болғанды қаладым. Әр баланың өз несiбесi болады. Үлкен қызым Шұғыла 19-ға келедi. Кiшкентайым Iжастан 8 ай асты. Бiр-бiрiне қолдау көрсетiп, сүйенiш болса деймiн. Солай бауырмалдыққа, адалдыққа тәрбиелеп келемiн.

22-наурызда бiр баламның туған күнi. Осы күнi наурызкөже пiсiрiп, құран оқытып, қайынапаларымды, көршiлерiмдi шақыруды әдетке айналдырғанмын. Ұлттық киiм киюдi де ұмытпаймын, – дейдi ұлтымның қадiр-қасиетiн бойына сiңiрген қазақ келiнi Наташа.

Татулығы жарасқан осындай берекелi отбасыны көрiп қалай тамсанбассың. Болашақта тоғыз шаңырақ түтiн түтеткенде қара ормандай ұрпақ таралары анық. Қазақтың керегесiн кенейтiп, өшкенiн жандырып отырған Наташадай келiнге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

БЕРЕКЕНIң БЕСIГI

Танның атысы, күнiң батысы дамыл таппайтын Лена жеңгейдi танымайтын жан жоқ. Тiптi ел сыйлайды десек, артық айтқандық емес. Төркiнiн көрмегелi табаны күректей қырық жылға жақын уақыт болды. Бақтияр ағамызбен отау құрғалы осы елдiң отымен кiрiп, күлiмен шығып, еибек етiп жүр. Ұлықты ұл, қылықты қыз сыйлады. Балаларының бәрi үлгiлi, шаңырақтың мерейiн тасытып жүр. Оған артық не бақыт керек?! Бүгiнде Қоғалықкөлдегi Бақтияр Оспанов пен Елена Алексеевнаның шаңырағы жұртқа белгiлi, үлгiлi отбасылардың қатарында.

Ауылдық әкiмдiктiң телефоны шыр еттi... Тұтқаны көтерген әкiмшiлiк қызметкерi қапелiмде абырады да қалды. Бiлетiн орысшасымен ананы-мынаны шалып, әйтеуір бiрнәрсе айтқандай болды. Осы аралықта дереу кiшi қызметкердi Лена жеңгейге жүргiтiп жiбердi. Иә, осыдан он жылдай бұрын гой. Соның өзiнде тұрмысқа шыққанына 30 жылдай болған.

– Ести сала, жанарымдағы жасты тыя алмай, әкiмдiкке қарай жүгiрдiм. Халықаралық қонырау екен. Туысқандарым менi iздеп, телефон шалыпты. Көзiмнiң жасын сығып отырып, бiраз сөйлесiп, мауқымды бастым. Бiр қызығы, орысшаға шорқақ болып қалғаным. Әйтеуір ортақ тiлдi ыңғайлап, өйтiп-бүйтiп сөйлестiк, – дейдi Елена жеңгей.

Ауыл арасында ол кiсiнiң басынан өткен әрбiр оқиға аңыздай тараған. Езiуiңдi үйiрер әзiлдерi де жетерлiк. Жолдасының құрдастарымен болған бiр жiянда құрдас Зият есiмдi кiсi: «Ленажан, елден ел асып келдiң гой. Мұнда саған туыс-бауыр керек. Менiң руым – найман. Сен ендi маған қарындас боласың. Ауылдағы әрбiр найман сенi бауырым деп санайды. Бақтияр – найманға күйеу бала» деп кесiп айтты. Содан берi Лена жеңгей найман атанған.

Елена Алексеевна – бүгiнде бес уақыт намазын қаза қылмайтын ақ жаулықты қазақ әйелi. Қайсыбiр жылдары бiр топ кiсiмен қазалы үйге кiредi гой. Өлден уақытта отырғандар тұрға ыңғайлана бере, бiр-бiрiне қарапты. Құран оқытын ер азаматтың болмай қалғанынан қызарқтап қалады гой. Бiр кезде көптiң iшiнде отырған Лена жеңгей «Мен оқысам бола ма?» деп, бiрнеше сүренi iшiнен оқып, қол жайып, құран бағыштапты. Құдай бiледi, сонда отырғандардың көпшiлiгi осы жағдайдан кейiн ұялғаннан құран жаттап алған шығар...



– Елена – менiң қайыңсiңiлiм. Осы елдiң iшiне сiңiп кеттi. Құрдастықтан бөлек, ағайын-туыс болып та араласамыз. Кiшiпейдiлiгi мен iзетi ерекше. Балаларына берген тәрбиесiн көрсендi. Бәкең екеуi нағыз қазақы, мерейлi отбасының түтiнiн түтетiп отыр. Балалары сондай iзеттi, тәрбиелi болып өстi. Кiмдi көрсе де, илiпiн құрметiн жасап жүредi. «Барлық адам баласы бiр ананың» деген емес пе?! Өлемде қанша ұлт пен ұлыс болса да, қанша нәсiл болса да, құдай – бiреу. Адам да бiрдей. Бiздiң Лена осыны дәлелдедi, – дейдi жақында ғана ардагер-ұстаз атанған Гүлнар Әмзеева.

Жұмысбабты болып, шаруамен асығыс өтiп бара жатқанында, айт мерекесi тәрiздi атаулы күндерде Бақтияр ағамның Лена жеңгейдi ертiп алып, көршi-көлем, ағайын-туыстың амандығын аралап жүргенiн көп көремiн. Қызығын өтеміз, тамсанамыз, сүйсiнеміз. Айналасындағы ағайынмен етене араласып, қазақы қонақжайлықты ұстанған

отбасында сан мәрте болдық. Бiр қабақ шытқан сәтiн көрмедiк.

– Қазiр дамыған заман. Бейнебайланыс арқылы ағайын-туысымымен сөйлесiп тұрамын. Мен кеткендегi кiшкентай балалар қазiр орта жасқа таяп қалған. «Өзiңнен кейiнгiнi көрiп, қартасың» демей ме?! Мұнда да жалғыз емесiн. Енемiздiң берiп кеткен тәрбиесiн бойға сiңiрiп, соны ұрпағымызға дарытуға тырыстық. Қазiр, шүкiр, Қандай адам екенiмiздi ел айтпай гой. Сол елдiң қонлiнен шығуға барынша тырысып келемiз, – дейдi Лена жеңгей.

Ресейдiң сонау Киров облысына қарасты Афанасьев ауданының Митроково қыстағында туып-өскен сары қызды Сырдарияның Қоғалықкөліне келiн болды деп кiм ойлапты?! Мiне, бүгiнде тамырын теренге тартқан үлкен әулеттiң ұрпағын көбейтiп, түтiнiн түзу ұшыруда. Сүйсiнiп, тiл-көзiмiз тасқа деп кеттiк.

Дәулет ҚЫРДАН

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...

Күздiң өз жасынан есейе бастағандай сары түстен сұрық-сыз кейiпке, сүреңсiз уаққа айнала бастаған кезi едi. Анам екеуiмiз ғана тұратын шағын пәтердiң iшiнде жалғыздығым-мен сырласып отырғанмын. Анам жақын маңдағы колледжде аспаз болып жұмыс iстейдi. Жұмыстан келiп осыған дейiн салған шимай-шатпақ картиналарымды жинай бастадым. Он екi. Барлығы он екi картина бар екен. Даяшылық жұмысынан алатын мардымсыз айлығым пәтердiң ақшасын төлеуге әзер жететiндiктен, кiмай тұрсам да, картиналарымды олх сайтына жүктеп, азды-көптi ақша құрап алсам деп ойладым.

«Бү ноутбук сатамын, алтын сақина сатамын, көлiк сатамын...».

Сатылмайтын адам жаны ғана қалыпты-ау деп күбiрлей бергенiмде бiр хабарландыруға көзiм түстi. «Махаббат сатылады, бұрын пайдаланылмаған, жаңа. Бiр ғана адамға берiледi. Тек бүгiн ғана бағасы жеңiлдiкпен 3999 теңге!».

О, Құдайым, махаббаты несi? Махаббат сатылатын ба едi? Қандай махаббат екенi түсiнiксiз, жанымды жұбатар пенде таппай жүрген мен сайты ақтарып, әлгi хабарландыру иесiн тауып алдым. Анкетасын Қыз Жiбек деп толтырған ару көдiмгi қазақ қызы. Суретiнде сұлу. Жартылай жалаңаш. Бiрақ Жiбек болса, Жiбектiң өзi шығар дерсiн. Атының өзi жылы естiлiп, жалаңаш тәнiне де, сатамын деген махаббатының мәнiне де назар аудармадым. Жалғыздығымды бөлiсiм келдi. Ақыры махаббатты сатып алайын деп шештiм. Жiбекке телефон қонырауы барып жатыр.

– Аллоу?
– Сәлеметсiз бе, Жiбек.
– Сәлеметсiз бе?
– Олх-тан көрiп, хабарласып тұр едiм. Махаббат саты...
– Иә, сатылады. Бүгiн кешке Бұқар жырау гүлзарына келiңiзi. Сағат 20.00-де.

Бүгiн кешке. Сағат 20.00-де. Картиналарымды сайтқа жүктедiм де, анам келер уақытқа қарай таза шай қосып қойдым. Кешқұрым шыттай боп киiндiм де, анам сыйлаған француз әтiрiн сеуiп, тысқа шықтым. Жадымның төрiнен орын алып, алысқа ұзамаған махаббатым есiме түстi. 10-сыныбымда көршi қызға ғашық болған едiм. Сүйгенiмдi айта алмай шашын тартып, қайтарда сөмкесiн көтерiп, қонырау сайын тек соған қарап отыратынымды сездi ме ол? Өзiнен бiр жас үлкен мектеп бiтiрушi түлекпен, қайдағы бiреумен қол ұстасып кете барды. Өкемнiң жүрегi тоқтаған күннен көп ұзамай қалаға көшiп мен кеттiм. Арамызды уақыт пен қашықтық, одан әрi менiң қорқақтығым бөлдi.

Бұқар жырау гүлзары. Сағат кешкi 20.00. Тiзесiне жетпейтiн қызыл көйлек кiнген, көздерi қара түндей қою, белiнен түсетiн ұзын қара шашы бұйраланған ару туфлiнi тықылдап жаныма жақындады. «Сәлем, Аңсар!» – деп құшақтағандай жақындап, тез керi бұрылды да: «Кеттiк, кафеге отырайық. Анау тұрған сары гимаратты көрiп тұрсың ба? Соған кеттiк», – делдi.

Белгiсiз арумен өмiрдiң бiзге не тапсырыс бергенiн бiлмесек те, даяшадан өз тапсырысымызды күтiп отырмыз.
– Не үшiн махаббатты сатқын келдi, Қыз Жiбек?
– Менде одан басқа ештеңе жоқ.


– Тiлегiмдi естiп, мүмкiн, бiздi Құдай жолықтырған шығар. Мә, ақысым ал, – деп даяшылықтан алған 4000 теңгенi үстелге қойдым.

– Құдай жiгiттердi ғана ести ме сонда?
– Неге олай ойладың?
– Менiң бала кезiмде әкем бiздiң көзiмiзге анамды жиi ұратын. Неге екенiн бiлмейтiнiм. Бiрақ «сен өлсен, жақсы болар едi» деп Құдайдан тiлейтiн едi. Ақыры оның қалауы орындалды гой...

– Жоқ, ол қыздарды да естiлдi.
– Құдайдың жынысы қандай сонда?
–
– Аңсар, махаббатты сатып аламын деп келдiң.
– Бiрақ махаббат деген не, айтшы?
– Соны да бiлмейсiң бе? Махаббат деген – басқа бiр адамды Құдайдың жаратқан болмысымен қабылдау, екi жанның бiрiгiп бiреуге айналуы.

– Демек, маған дұрыс түсiндiрмеген бе?
– Сонда... Сен айтқан махаббат қандай?
– Сосын айтамын. Сен сондай ерекшесiң, Аңсар. Кафедегi ұзақ әңгiмеден кейiн гүлзарды бойлап Төле биге түстiк те, қыздың үйiне беттедiк. Менiң ешкiмге қызық емес оқиғаларымды, Дали жайлы, Магритт туралы мейердiң әңгiмелерiмдi үнсiз тыңдап, Жiбек құ-шағымда жатқанда менен бақытты адам жоқтай едi.

МАХАББАТ САТЫЛАДЫ



– Ненi уайымдадың? Ештеңе жасырмашы менен.

– ... Балам, бүгiн үйге бiр әйел келдi. Өкенiң менен өзге көнiл қосқан адамы болыпты. Оның да ұлы бар екен. Көнiл қосыпты. Өкенмен, – деп әр сөзiн қайталаған күйi дауысы дiрiлдеген анам үнсiз ғана көз жасын төгiп отыр.

Мен сенер-сенбесiмдi бiлмедiм. Анамды жұбатудан басқа қолымнан келер нәрсе жоқ. Өкемдi ақтай алмай, не бар жүрегiммен жек көре алмадым.

Арада күндер өтiп жатты. Олх сайтына алмаң суреттерiм жақсы бағаға сатылып, қолым бос кезде портреттер салып, жақсы ақша алып жүрдiм. Өмiрiм мен өзiм туралы ештеңе салғым келмедi. Салсам да, ол картинаны көрмеге қоюдың өзi ауыр.

Мен ендi өзiмнен, өмiрiмнен қашар жол таппадым. Жан түрмесiнен еркiндiкке шығуды үйрене алмадым. Тағы да жалғыздықпен доспын. Анам жұмыс iстемесiн деп даяшылықпен де, сурет салумен де айналысамын. Бiрақ анама менен ақша керек емес едi.

Жетiншi желтоқсан. Бұл жылдың алғашқы қарын жалғыз қарсы алған күнi алдымнан Жiбек шықты. Өмiр ұршығын дұрыс иредi екен деп таңдандым. Бiрақ ол соңғы сөздерiн айтып, екiншi рет және мәңгiлiкке қош айтты.

– Аңсар, менен ештеңе сұрама. Тек менi тыңдашы.
– Менi өлтiргенiң үшiн рахмет.
– Бiлесiң бе, сен махаббатты сатып алам деген күнi маған бiрнеше алам қонырау шалды. Бәрi де махаббатты сатып алу үшiн. Мен әрқайсысымен кездескенде бала кезiмнен бiлетiн махаббат өзгере бердi. Балалы болу, әрқанша бiрге болу, сиыр сауа билу, жұбына қарсы шықпау...
– Сонымен, құрып кеткiр, махаббат деген не?
– Еркiндiк. Махаббатты сатып аламын дегенiң жiгiттен мен соны сезiндiм. Кешiр менi. Кешi.
– Жоқ, махаббат деген сүйген адамныңмен қош айтшы. Жадымның таспасында сөттердi қайта айналдырып кешу, ақымақ.

– Әр адамның Құдайы да, махаббаты да жалғыз, Аңсар. Сол екеуiн ғана диктант секiлдi көзiңмен алмаймыз.

Жаным келдi де қысып құшақтады. «Бұдан былай махаббатты сатып алмашы...» – деп сыбырлады да, артына бұрылып кете барды. Телефон қонырауындағы Земфираның дауысынан селк етiп, сол сөтте мынау оқиғалар өзiм оқып отырған жас жазушының әңгiмесi ғана екенi есiме түстi де, кiтапты жаба салдым.

Бағаналы берi қосулы тұрған теледидар: «Бүгiн 7 желтоқсан, Алматыда алғашқы қар» деген жағымды жаңалық айтты жатты. Дерекүшiнiң көшеге шықтым. Осынау алғашқы аппақ дүниеде аяқ басып, қадам жасауды ендi үйренiп келе жатқан адамдай тоқтап, баулауды келемiн. Үй жақтағы хабарландырулар iлiнген тақтайшаға бұрылдым.

«Махаббат сатылады, бұрын пайдаланылмаған, жаңа. Бiр ғана адамға берiледi. Тек бүгiн ғана, бағасы жеңiлдiкпен 3999 теңге!»

Аделина РАХМАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырыс №672

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА